

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ



# БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2023



|           |  |           |   |
|-----------|--|-----------|---|
| <b>4</b>  | Кіріспе  | <b>2</b>  | Программа целостного воспитания   |
| <b>6</b>  | Тәрбиедегі сын-тегеуріндер   | <b>30</b> | Введение  |
| <b>8</b>  | Тәрбие парадигмасы.<br>Тәрбиенің мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтиже | <b>32</b> | Проблемы  |
| <b>10</b> | Тәрбие құндылықтары  | <b>3</b>  | Парадигма воспитания.<br>Цель, задачи и ожидаемые результаты воспитания |
| <b>14</b> | Тәрбиенің үздіксіздігі   | <b>36</b> | Ценности воспитания   |
| <b>1</b>  | Тәрбиені жүзеге асыру тетіктері  | <b>40</b> | Непрерывность воспитания  |
| <b>2</b>  | Сынып сағаттары мен әлеуметтік тәжірибелер, жобалар                        | <b>4</b>  | Пути реализации воспитания (механизмы)                                  |
| <b>22</b> | Тәрбие тұғыры  | <b>4</b>  | Классные часы и социальные практики/проекты                             |
| <b>24</b> | Нысаналы индикаторлар  | <b>48</b> | Основы воспитания   |
|           |  | <b>50</b> | Целевые индикаторы  |





**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінен үзінді**

...Біз *ұлттық бірегейлігімізді* нығайтуымыз қажет. Ұлтымыздың бірегейлігі бұл – оның табысты болуы деген сөз.

Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас үштағаны деуге болады.

Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек.

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс.

Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет.

Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек.

Отаншылдық бұл – шынайы патриоттық сезім.

Тұратын үйіңді, аулаңды, қалаңды таза ұстау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, ұқыпты болу, яғни әр жерге қоқыс лақтырмау, түкірмеу деген сөз. Отанын шын сүйетін адам оның табиғатын қорғайды, әр гүліне, әр ағашына жанашырлықпен қарайды, бір сөзбен айтқанда, нағыз патриот екенін нақты іс-әрекетімен көрсетеді.

Мен еріктілер туралы үнемі айтып жүрмін. Себебі еріктілер – ең алдымен, патриот жандар. Біз бүкіл қоғам болып еріктілерді қолдауымыз керек, олардың еңбегін бағалап, марапаттап отыру қажет.

Сонымен бірге балаларға экологиялық тәрбие беру маңызды. Оларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйреткен жөн. Мәдени мұраларымызды танып-білуге, қорғауға дағдыландыру керек.

Оқушылар театрға, мұражайға және тарихи орындарға жиі барып, рухани жағынан дамуы қажет. Мен ұрпақты еңбекқорлыққа, бизнес жүргізу шеберлігіне баулу мәселесі жөнінде үнемі айтып жүрмін. Ел болып қарапайым еңбек адамын қадірлей білуіміз қажет. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады.

Әрбір адам жауапсыз қадамның арты бүкіл елге қасірет әкелуі мүмкін екенін терең түсінуге тиіс. Жас ұрпақтың, әсіресе, қазіргі құбылмалы заманда сыни тұрғыдан ойлай білуі маңызды. Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз қажет.

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет.

Өскелең ұрпақты түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру керек.

Ұлт саулығына зиянын тигізетін тағы бір кесел – вейп және түрлі электронды темекілер. Осы қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Жастардың құқықтық сауатын арттыру аса маңызды. Сонда әркім өзінің құқығын қорғай біледі және өзгенің құқығын таптамайды. Заң мен тәртіп үстемдік құрған мемлекеттің тұғыры қашанда мықты болады...

*Түркістан қаласы, 17 маусым 2023 ж.*

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі.

**Әл-Фараби**

Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.

**Ыбырай Алтынсарин**

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден ерек

**Абай Құнанбаев**

Ұлтына, жұртына қызмет қылу —  
білімнен емес, мінезден.

**Әлихан Бөкейханов**

Адамның талабын, амалын түзу бағытқа, ретке салып, адам баласының арасындағы қатынасын жөндеу — тәрбие ісі. Тәрбие шындықты, ізгілікті, көркемдікті өмір жүзінде іске асыруға адамды жетелейді. Тәрбие білімнің табан тірейтін негізі.

**Жүсіпбек Аймауытов**

Тәрбие — ұлт тәрбиесі болуы тиіс. Ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуі керек.

**Мағжан Жұмабаев**





# Кіріспе

## **Қазіргі әлемге жылдам өзгерістер, жаһандық тұрақсыздық, әртүрлі сын қатерлер тән.**

Бұл ақпарат кеңістігінде еркін таралып, әлеуметтік желілер арқылы балалардың санасын жаулауда. Интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, әдебіне әсер етіп, түрлі субмәдениеттердің белгілі бір басымдыққа ие болуына әкеп соқты. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметтерге назар аударсақ, кәметке толмағандар арасында ұрлықтың, зорлау және зорлауға оқталу фактілерінің артып келе жатқандығын байқауға болады.

## **Аталған проблемалардың туындауына ықпал ететін көптеген себептер мен салдарлар бар.**


Мысалы, Интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті. Осындай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу қажет. Сол себепті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мәселесі өзекті.

## **Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры.**

Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілдік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді.

Аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындау **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеудің өзектілігіне негіз болды. Бағдарламада ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді.





**ТӘРБИЕДЕГІ  
СЫН-**





# 18%

жүйелі спортпен  
шұғылданбайды



# 72,2%

әлеуметтік желілерде уақыт  
өткізеді



# 40,3%

кітап оқымайды



# 3%

энергетикалық сусындар  
ішеді



# 9,8%

13 жастағы балалар вейп  
тұтынады

# 19,6%

15 жастағы балалар вейп  
тұтынады



# 7%

алкогольдік ішімдік ішіп  
көрген

2022 жылмен салыстырғандағы  
2023 жыл (7 ай) ішіндегі  
көрсеткіштер:

кәмелетке толмағандар  
арасындағы құқық бұзушылық  
10,7% өсті;

кәмелетке толмағандарға  
қатысты құқық бұзушылық  
16,5% өсті;

балалар мен жасөспірімдер  
арасындағы суицид 53,2% өсті;

балалар мен жасөспірімдер  
арасындағы суицид жасау  
әрекеті 12,7% өсті.





# ТӘРБИЕ ПАРАДИГМАС Ы

МАҚСАТ | МІНДЕТТЕР | КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



# Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

## Тәрбие мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.


## Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

# Күтілеті н нәтиже

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

# ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР Ы





# ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

(мемлекетшілдік)



- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді
- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

# АР-ҰЯТ



- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді



# ТАЛАП



Жан мен тән тазалығын сақтайды



Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді



Қоршаған орта тазалығын сақтайды




Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық



Ізденімпаз, жасампаз тұлға



A woman with dark hair tied back, wearing a white blouse, is holding a baby in a striped onesie. She is looking up at the baby with a joyful expression. The background is a bright window with white curtains.

# ТӘРБИЕНІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ



# 6-10 жастағы бала тәрбиесі

6-10 жастағы балалар жаңаны үйренуге ашық, білуге құмар, білім алуға ерекше ынталы. Берілген тапсырманы дұрыс орындауға тырысады, кез келген әрекетті шын ниетімен орындауға ұмтылады, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық танытуға белсенді, өзінен кіші балаларға мейірімділік көрсетуге бейім.

## Жетекші әрекеті – оқу.

### Ұсынымдар:

- Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- Қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- Халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- Қазақ халқының мақал-мәтелдері, тыйым сөздері бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қолдану;
- Ұлттық ойындар («Асық party» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- Әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға көмек және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.





# Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Жасөспірімдік кезең бала дамуындағы ерекше кезең. Бұл кезеңде бала өзін ересек, өз бетінше шешім қабылдай алатын дербес тұлға ретінде көрсетуге ерекше ұмтылады. Олар еліктегіш, құрдастарының, достарының пікірлері маңызды деп санайды, тәуекелге барып, батыл қадамдар жасайды, мінез-құлқы жылдам өзгермелі.

## Жетекші әрекеті – қарым-қатынас.

### Ұсынымдар:

- Тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- Жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жаман әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- Еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- Батырлар, ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмірлік жолдарын, қалдырған мұраларын таныстыру;
- Тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- Білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- Табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- Жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.



# Жастар тәрбиесі

## (15-18 жас)

*Жастық кезең адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Жедел шешімдер қабылдап, тәуекелдерге барудан қорықпайды, албырт болады. Болашағы туралы ойланып, тәуелсіз шешім қабылдауға бейім.*

### Ұсынымдар:

- Жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- Ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- Ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып

қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыру бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- Отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- Адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.





# ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Білім мазмұны

Нарратив /  
идеологема

Әлеуметтік  
тәжірибелер /  
жобалар

«Soft power» әлеуеті  
(спорт, мәдениет,  
өнер)

Мемлекеттік  
органдармен  
бірлескен шаралар

Қосымша білім беру:  
үйірме, секция,  
курстар

Элективтер

Интеллектуалдық,  
мәдени-  
шығармашылық,  
спорттық шаралар

Ата-аналармен  
бірлескен шаралар



# СЫНЫП САҒАТТАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕР, ЖОБАЛАР

## Сынып сағаттары

- «Ар-ұят және жауапкершілік»
- «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
- «Іс-әрекеттегі мейірімділік»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Күнделікті өмірдегі адалдық»
- «Этикалық құндылықтарды дамыту»
- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғамдық игілікке қызмет ету»
- «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»





# Әлеуметтік тәжірибелер, жобалар

- «Еңбегі адал жас өрен»
- «Жеткіншектің жеті жарғысы»
- «Балалар кітапханасы»
- «Ұлттық мектеп лигасы»
- «Қайырымдылық»
- «Қарияға қол ұшын соз»
- «Таза аула»
- «Жасыл мектеп»
- «Эковолонтерлер»
- «Экологиялық мониторинг»
- «Экологиялық туризм»
- «Үнемді тұтыну»
- «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»
- «Мектептегі энергияны үнемдеу»
- «Судың да сұрауы бар»
- «Қолөнер шеберханасы»
- «Мектеп қабырғасындағы бизнес»
- «Аспаздық жоба»
- «Бейбіт күннің қаһармандары»
- «Өнер мен құндылықтар»
- «Тарихқа құрмет»
- «Менің отбасымның өмірлік жолы»
- «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»
- «Күнделікті пайдалы тағам»
- «Зиянды әдеттер аулақ бол»
- «Спорт және мен»
- «Қауіпсіздік және алғашқы көмек»
- «Психологиялық әл-ауқат және стресске төзімділік»
- «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері»
- «Экранға тәуелділік: заманауи жаман әдет»
- «Цифрлық гигиена»

Жобамен жұмыс істеу барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды.

Ұсынылған тақырыптарды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдау қажет.

# ТӘРБИЕ ТҰҒЫРЫ

## Ұлттық мүдде

Тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл ұрпақ.

## Ұлттық мирас

Табиғи мұра, мәдени мұра, ұлт тарихы, тарихи жады, этноәлеуметтік қатынастар, ұлттық шаруашылық, рухани өмір.

## Ұлттық мәдениет

Халық ауыз әдебиеті, қиссалар, дастандар, батырлар жыры, ертегілер, аңыздар, ән-күй, жыр-толғаулар, би, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық қолөнер, айтыс өнері және салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдар мен тиым сөздер.

Қазақстан елін қорғаған батырлар, билер, шешендер, даналар, көсемдер, абыздар, ағартушылар мен ұлт зиялыларының мекені



ТӘР  
ТҰҒ



## Тарихи жерлер

Сығанақ, Отырар, Сарайшық, Ақмешіт, Есік қорғаны, Ұлы жібек жолы қалалары, Сарыарқа даласы, Байқоңыр, Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Айша бибі кесенесі, Қорқыт ата, Бекет ата, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Мағжан, Сәкен мұрағаттары, т.б.

## Табиғи мұра

Баянауыл, Іле алатауы, Алтынемел, Бұрабай, Қарқаралы, Қатонқарағай, Шарын шатқалы, Сайрам-Өгем, Көлсай, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Ұлытау, Ақсу-Жабағылы, Наурызым, Барсакелмес, Қорғалжын, Марқакөл, Үстірт, Батыс Алтай, Марқакөл, Алакөл, Қаратау.

## Көшпенділер өркениетінің мұрасы

Ботай мекені, Таңбалы, «Алтын адам», Домбыра, Киіз үй, Қобыз, Бесік, Этно ауыл мен орталықтар.

## Қазақстан қызғалдақ пен алманың отаны



# Нысаналы индикаторлар

## Көрсеткіштер

2023

Спортпен шұғылданатындардың үлесі

82%

Азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде білім алушылардың өзін-өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған білім алушылардың үлесі

35%

Білім алушылардың кітап оқу үлесі

59,7%

Әлеуметтік жобаларға қатысушылардың үлесі

20%

“Жеке қауіпсіздік”, “Буллингке қарсы тұру мәдениеті” шараларына тартылған білім алушылардың үлесі

50%







